

"Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қыркүйектегі № 691 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 тамыздағы № 907 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қыркүйектегі № 691 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қыркүйектегі № 691 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы туралы» 2001 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қыркүйектегі № 691 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 32, 421-құжат; 2002 ж., № 44, 436-құжат; 2003 ж., № 45, 487-құжат; 2004 ж., № 21, 266-құжат; № 51, 671-құжат; 2007 ж., № 24, 268-құжат; 2008 ж., № 42, 465-құжат; 2009 ж., № 27-28, 234-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) тақырыбы және мәтіні «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің» деген сөздерден кейін «- Елбасының» деген сөзбен толықтырылсын;

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы туралы ережеде: тақырыбы және мәтіні «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің» деген

сөздерден кейін «- Елбасының» деген сөзбен толықтырылсын;
6-тармақ «Президенті» деген сөзден кейін «Тәуелсіздік күніне орай» деген сөздермен толықтырылсын;

20-тармақта «және ақпарат» деген сөздер алып тасталсын;

3) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығын беру жөніндегі комиссияның дербес құрамында:
тақырыбы «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің» деген сөздерден кейін «- Елбасының» деген сөзбен толықтырылсын;
мыналар:

Телебаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет
Ғазиз Тұрысбекұлы вице-министрі, хатшы,

Алтынбаев - Қазақстан Республикасы Парламенті
Мұхтар Қапашұлы Сенатының депутаты (келісім бойынша),

Жанқұлиев - Қазақстан Республикасы «Сырбар»
Аманжол Қазбекұлы сыртқы барлау қызметінің директоры
(келісім бойынша),

Жұмағұлов - Қазақстан Республикасының Білім
Бақытжан Тұрсынұлы және ғылым министрі енгізілсін;

мына:

«Мұсақожаева - Қазақ ұлттық музыка академиясының
Айман Қожабекқызы ректоры (келісім бойынша)»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Мұсақожаева - Қазақ ұлттық өнер университетінің
Айман Қожабекқызы ректоры (келісім бойынша)»;

көрсетілген комиссияның дербес құрамынан Б.А. Майлыбаев, С.А. Дьяченко, М.М. Тәжин, Ж.Қ. Түймебаев шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті Н. Назарбаев